

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 2 қыркүйектегі № 294 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 қазанда № 4379 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 94 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 23.04.2015 № 94 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астрахан ауданы әкімінің орынбасары Н.Қ.Сейіловқа жүктелсін.
3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі

T.Ерсейітов

Астрахан ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 2 қыркүйектегі № 294
қаулысымен бекітілді

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасы

1. Осы аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасы (бұдан әрі -

Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес өзірленген және аудандық коммуналдық мұлік объектілерін мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің мөлшерлемесін есептеу тәртібін белгілейді.

2. Аудандық коммуналдық заңды тұлғаның балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мұліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде жылдық жалдау төлем ақысының есебі осы Қағиданың қосымшасына сәйкес құрылыш түрін, тұрғын үй емес жайдың түрін, жайлыштық дәрежесін, аумақтық орналасқан жерін, жалдаушының қызмет түрін, жалдаушылардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын ескере отырып, базалық мөлшерлемесі және қолданылатын коэффициент мөлшерінің негізінде анықталады және формула бойынша іске асырылады:

$$A_p = B_s \times K_t \times K_{Kd} \times K_{Kt} \times K_{\text{Кн}},$$

мұндағы:

А_п – бір жылда аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілеріне жалға алу төлемінің мөлшерлемесі;

Б_с - жылына 1 шаршы метр теңгеге жалға алу төлемінің негізгі мөлшерлемесі ;

С – жалға алынатын жай, шаршы метр, соның ішінде жалпы пайдалану орнына жалдаушының қолжетімін есепке алатын жалға берілетін алаңың 25 пайыз;

К_т - құрылыш үлгісін есепке алатын коэффициент;

К_к – тұрғын емес үй жайдың түрін есепке алатын коэффициент;

К_{жд} – жабдықталғандығының дәрежесін есепке алатын коэффициент;

К_р – аймақтық орналасуын есепке алатын коэффициент;

К_{кт} – жалдаушының қызмет түрін есепке алатын коэффициент;

К_{кн} - жалға алушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

3. Жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мұліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесі мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_p=C \times N_{\text{ам}} / 100 \times K_p$$

мұндағы:

А_п – жылына жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды жалдау ақысының мөлшерлемесі;

С – бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны.

100 пайыз тозу есептелген жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа

пайдаланылмайтын заттарды мұліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнының 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Nam - "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 120-бабына сәйкес тозудың шекті нормалары;

Кп - төмендегу коэффициенті (0,5 көлемінде-сауда-сатылатын (делдалдық) қызметтерді қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халықта қызмет көрсету саласын дамыту үшін, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде - 0,8 мөлшерінде 60 пайыздан артық жабдықтың, көлік құралдарының және басқа пайдаланылмайтын заттардың тозуы кезінде қолданады).

4. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерін сағат бойынша мұліктік жалға беру, сонымен қатар облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мұліктік жалға беру кезінде жалдау ақысын есептеу келесі формуламен іске асырылады:

Ач=Ап/12/Д/24,

мұндағы:

Ач - бір сағатқа облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілеріне, жабдықтарға, автокөлік құралдарына және басқа пайдаланылмайтын заттарға жалға алу төлемінің мөлшерлемесі;

Ап - осы Қағиданың 2-інші немесе 3-тармақтарында аталған жалға алу мөлшерлемесі;

Д - мұліктік жалға берілетін (жалға алынатын) объектілерге тапсыруды іске асыратын бір ай ішіндегі күндердің саны.

Аудандық коммуналдық мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қолданылатын коэффициенттердің мөлшері және негізгі мөлшерлемесі

Аудандық коммуналдық мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қолданылатын коэффициенттердің мөлшері және негізгі мөлшерлемесі

Негізгі мөлшерлеме	1,5 айлық есептік көрсеткіш
--------------------	-----------------------------

№ р/ т	Коэффициенттердің түрлері	Коэффициенттің мөлшері
	Құрылым үлгісін есепке алғын коэффициент (Кт):	
1	1.1. кеңселік, әкімшілік, қоғамдық	1,0

	1.2. ауыл шаруашылық қажеттіліктеріне арналған, өндірістік	0,8
	1.3. қоймалық, гараждық, қазандық	0,7
	Тұрғын емес жайдың түрін есепке алатын коэффициент (Кк)	
	2.1. ғимарат немесе ғимараттағы жай	1,2
2	2.2. жалғастыра салынған бөлігі	0,9
	2.3. цоколдық (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
	2.4. жертөле бөлігі, төбесі	0,6
	Жабдықталғандығының дәрежесін есепке алатын коэффициент (Кжд)	
3	3.1. барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электр қуаты, канализация) қандай да коммуникация түрі болмаған жағдайда әр түрге 0,5 азаяды	2,0
	Аймақтық орналасуын есепке алатын коэффициент (Кр)	
4	4.1 кала, кент (аудан орталығы)	0,9
	4.2 село, кент	0,5
	Жалдаушының қызмет түрін есепке алатын коэффициент (Кқт);	
	5.1 брокерлік қызмет және кеден қызметін көрсету, банктер, ломбардтар, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты үйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалды көнтөрлөр, адвокаттық көнтөрлөр, зергерлік шеберханалар үшін	3,0
	5.2 қоғамдық тамақтандыру, қонақ үй, сауда немесе сауда-делдалдық қызметтерімен айналысатын үйымдар үшін	1,5
5	5 . 3 1) о р т а б і л і м ; 0,9 2) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту; 0,8 3) жоғары, техникалық және кәсіптік білім саласындағы қызметтерді үйымдастыруға арналған 5.4 денсаулық сақтау, мәдениет, туризм және спорт саласындағы қызметтерді үйымдастыру үшін 5.5 бастапқы, негізгі орта, жалпы орта, кәсіптік білім беруде жалпы білім беру бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарында окушылардың тамақтануын және буфеттерді үйымдастыру үшін 5.6 мемлекеттік мекемелер орналасқан ғимараттарда, кіруін шектетумен осы мекемелердің жұмыс кестесінен аспайтын жұмыс кестесімен (бөлшек сауда) қызметшілердің тамақтануын және буфеттерді үйымдастыру үшін 5.7 мемлекеттік занды тұлғалар орналасқан жайларда, осы мекемелердің және кәсіпорындардың жұмыс кестесінен аспайтын жұмыс кестесімен (бөлшек сауда) тамақтануын және буфеттерді үйымдастыру үшін 5.8 жылумен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, сумен жабдықтауды және қатты тұрмыстық қалдықтарын шығаруды үйымдастыру үшін 5.9 пошта қызметі саласындағы қызметтерді ұсыну үшін 5.10 басқалар үшін	1,0 0,5 1,1 1,0 0,5 0,9 1,2 0,5 1,0 1,5
6	жалға алушының үйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Кұкн): 6.1 қайырымдылық және коммерциялық емес үйымдар үшін (үкіметтік емес үйымдардан басқа) 6.2 үкіметтік емес үйымдар үшін 6.3 басқаларға арналған	0,5 0,2 1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК